



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

24.11.15 м. 129-КҚ

Ақтү қаласы

город Ақтау

~~2016-2020 жылдарға арналған «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және бөлу қызметіне тарифтің және тарифтік сметасының шекті деңгейін бекіту туралы~~

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15 бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі №213-НҚ бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларының шекті деңгейін бекіту» туралы қағидасының 25 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2016 жылдың 1 қаңтарынан 2020 жылдың 31 желтоқсан аралығында «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру және бөлу қызметіне тарифінің шекті деңгейі №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №17-НҚ «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының 2015-2019 жылдарға арналған электр энергиясын беру және тарату жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне төтенше реттеуші шаралар ретінде тарифтерді және тарифтік сметаларды бекіту туралы бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Департаменттің Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі (Абдигалиев А.К), осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің және «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының назарларына жеткізсін.

4. Тарифтік сметаның орындалу жауапкершілігі «Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының бірінші басшысына жүктелсін.

5. Маңғыстау электртораптық бөлу компаниясы» акционерлік қоғамының тарифті қолданысқа енгізгенге дейін отыз күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізуге міндетті.

000326

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау департамент басшысының орынбасары А.Оңаевқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 1-бабын есепке алмағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы



Т.Махамбетов